Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша

"Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" коммерциялық емес акционерлік
Қоғамына «Жаңа уақыт» қоғамдық қорынан

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Өтініш беруші | | | | |
| 1. БСН | **180440033799** | | | |
| 2. Ұйымның тіркелген күні | 24.04.2018 ж. | | | |
| 3. Ұйымның толық атауы | «Жаңа уақыт» қоғамдық қоры | | | |
| 4. Ұйымның заңды мекенжайы | Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, Балықшы ш\а Қаршымбай Ахмедьяров көшесі 21үй 57 пәтер. Индекс 060000 | | | |
| 5. Ұйымның басшысы | Тегі<br>Қайсағалиева | Аты<br>Назымгүл | Әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Қажетқызы | Лауазымы<br>Басшы |
| 6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері | Қор ережесінің 2.2. бөлігінде «Көзделген мақсаттарға жету үшін Қор келесі қызметтерді атқарады (қызметтің мәні):<br>• Халық арасында **құқықтық сауаттылықты дамыту;** және **салауатты өмір салтын** | | | |

| | |
|---|---|
| | **қалыптастыруға қызметтері** көрсетілген.<br><br>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы Қазақстан халқына Жолдауында ел болашағы болып табылатын жастарды салауатты өмір салтына баулу және бұқаралық спортты дамытуға ерекше екпін берді. Саяси құжатта мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың маңызды тетігі денсаулық пен спорттың құндылығын насихаттау екендігі көрсетілген. Жолдаудан цитатамен беретін болсақ «Себебі өз денсаулығы үшін ортақ жауапкершілік қағидасы, **зиянды әдеттерден бас тарту, салауатты өмір салтын ұстану бұрынғыша маңыздылығы жоғары болып қала береді» делінген.**<br><br>Бұл туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен бекітілген «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында да бар.<br><br>Грантта көрсетілген **жастарды нашақорлық, темекі шегу, алкоголь, таксикоманияның зияны туралы ақпараттандыру бағыты** түптеп келгенде қордың салауатты өмір салтын қалыптастыру мен құқықтық сауаттылықты арттыру міндеттерімен сәйкес келеді. |
| 7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | Барлық санаттағы жастар, қоғамдық және студенттік ұйымдар, мемлекеттік органдар – полиция, жастар ұйымдарының жетекшілері |
| 8. Ұйымның байланыс телефоны | 8778 778 9784<br>8778 02 03 102 |
| 9. Электрондық пошта мекенжайы | Nazym_1984@mail.ru |
| 10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты | Жасақталуда |
| 11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар) | https://www.instagram.com/zhana.uaqyt?igsh=ZnpyNmw0dGFlNWh6<br><br>https://www.facebook.com/share/fKfv4m86mGyS6Ymr/?mibextid=LQQJ4d<br><br>2023 жылы https://t.me/StopSyntheticAtyrauBot телеграм боты ашылды қордың «Анонимді әңгімелер клубы» WhatsApp тобы жұмыс жасап тұр. |

| | № | Әлеуметтік жобаның атауы | Қаржыландыру көлемі (теңге) | Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші | Орындау кезеңі | | Негізгі нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Басталуы | Аяқталуы | |
| 12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар *<br>Ескерту.<br>* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері. | 1. | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде "Нашақорлықтың алдын алу бойынша шаралар кешенін ұйымдастыру" қызметі | 5 677700 | Атырау облыстық ішкі саясат басқармасы | Маусым 2023 жыл | Желтоқсан 2023 жыл | Атырауда наркограффити және синтетикалық есірткі жарнамасын жоюда белсенді https://t.me/StopSyntheticAtyrauBot телеграм бот ашылып, онда облыс жастары қатарынан оқытылған 50 киберволонтер ақпарат өңдеп, полиция органдарына көмектесуде.<br>Атырауда алғаш рет жасы кәмелетке толған студенттер қатарынан әйелдер колониясы мен наркологиялық диспансерге тікелей қатынау арқылы экскурсиялар ұйымдастырылып, 18 жасында есірткі сатқаны үшін он жылға сотталған қыз баланың бетпе бет әңгімесі жастарға ерекше әсер етуде. |

| | |
|---|---|
| | |
| 2. Әлеуметтік жобаның командасы | |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | **Мұхтарова Гүлнәзира Шамкенқызы, жоба үйлестірушісі** |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | Полиция органдарындағы жалпы еңбек өтілі - 33 жыл (отставкадағы подполковник)<br>1984 -1985 жылы облыстық радиода диктор<br>1991-2017 ІІО-да қызмет атқарған.<br>1994-2017 ПД Мемлекеттік тіл және ақпарат бөлімі бастығы (Баспасөз хатшысы)<br>2019-2022 Полиция департаментінің Ішкі және сыртқы коммуникациялар бөлімінің жетекші маманы<br>2022 күні бүгінге дейін ПД музей басшысы |
| 3. Қосымша мәліметтер | Жоғары білімді, “Мінсіз қызметі үшін”, “ІІО үздігі”, “ІІО ардагері”медальдары, ІІМ Құрмет грамоталары, облыстық Маслихаттың Құрмет Грамотасы, т.б. марапатталған. |
| 2. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | **Қайсағалиева Назымгүл Қажетқызы, қоғаммен байланыс жөніндегі маман** |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | Журналист-фрилансер |

| | |
|---|---|
| | Жалпы еңбек өтілі - 21 жыл, оның ішінде 10 жыл мемлекеттік қызметте басшылық лауазымда<br>11 жыл журналистикада<br><br>Еңбек жолы: 2003 жылы «Адал тв» арнасы кейін «31 канал-Атырау» арнасында редактор;<br>2008-2015 Атырау қаласы әкімдерінің баспасөз хатшысы<br>Ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы<br>Қала әкімінің кеңесшісі<br>2014-2017 жылы «Астана» телеарнасының Атырау облысындағы меншікті тілшісі<br>2017-2021 Полиция департаментінің баспасөз қызметінің бастығы<br>2021-2022 Атырау қаласы әкімінің баспасөз хатшысы, спичрайтер<br>2023-2024 «Атырауинжстрой» ЖШС БАҚпен байланыс және ішкі коммуникацияларды үйлестіру басқармасының бастығы |
| 3. Қосымша мәліметтер | Жоғары білімді:<br>1. Гуманитария (Журналистика мамандығы)<br>2. Экономика (Жергілікті мемлекеттік басқару мамандығы)<br><br>Марапаттары: Прокуратура органдарының «Ақиқат» дипломының иегері<br>«Қазақстан полициясына 25 жыл» медалі<br>Облыстағы барлық құқық қорғау сот органдары басшыларының, әкімдердің алғыс хаттары мен құрмет грамоталары |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | **Габдрахманова Гаухар Максимовна, есепші** |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | 2021-2022 Альфа банк заңды тұлғаларға қызмет көрсету маманы<br>2022-2023 Халық банкі заңды тұлғаларға қызмет көрсету маманы<br>2023-2024 Форте банк заңды тұлғаларға қызмет көрсету маманы |
| 3. Қосымша мәліметтер | Бухгалтерлік есепті жетік меңгерген |

4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме
https://www.facebook.com/profile.php?id=100001177086388&mibextid=LQQJ4

https://m.facebook.com/rscatyrau/posts/824062096394016/

https://pricom.kz/novosti/v-atyrau-podpisan-trehstoronnij-memorandum.html

https://atpress.kz/ru/news/v-atyrau/v-atyrau-podpisan-trekhstoronnij-memorandum-po-profilaktike-narkozavisimosti

https://batys.info/2023/10/27/nasha-orly-ty-zhoju-ba-ytynda-shzha-ty-memorandum-a-ol-ojyldy/

https://atr.kz/zhanalyqtar/atyrauda-ushzhaqty-memorandumga-qol-qojyldy/

https://www.facebook.com/share/NwovddMaAELiGCxF/?mibextid=LQQJ4d
https://www.instagram.com/police.atyrau?igsh=MWJlcDJxeTEzOTA0Mg%3D%3D&utm_source=qr

3. Жоба туралы

| | |
|---|---|
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік | Нашақорлықтың алдын алу бойынша шаралар кешені |

| | |
|---|---|
| жобаның атауы | |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | **Атырауда есірткі таратқан 14 жасар бала ұсталды**. Бұл биыл мамыр айында болған жағдай. Маусымның жиырмасы күні политтехникалық колледж ғимаратында өткен кездесу барысында есірткі бизесіне қарсы күрес баскармасының аға жедел уәкілі Марьяна Жанғалиева жасөспірімге қатысты тергеу жүріп жатқанын мәлімдеді. Синтетикалық есірткі тасымалдап, сатқандарды неше жасынан бастап соттайды?<br>Өкінішке орай, Қазақстанда, тіпті Атыраудың өзінде оқушы тұрмақ ата-аналар егер баланың жасы 14 ке толған болса есірткі саудасы үшін оны темір торға тоғыту әбден мүмкін екенін біле бермейді! Жасыратыны жоқ, бған дейінгі мемлекеттік органдар өткізіп келетін кездесулерде тек есірткінің зияны, нашақор болудың қорқынышты тұстары айтылып келді. Қазақстандықтардың арасында кезекті дозаны сатуды жеңіл пайда көретін жастар қатыра көбейіп келеді. Нақты факт: 2023 жылы Атырауда есірткі тасымалдаған 17 жасар қыз сотталды. Ол түрмеден жасы жиырмадан асқанда шығады. Атыраулық құқық қорғау органдары есірткі қылмысымен күресте мектеп қабырғасында жүріп есірткі тұтынған оқушыны ұстап, жазалады. Бұл – есірткімен күрес өз дәрежесінде жүргізіліп жатқанын, алайда, жастар арасында оның таралу жылдамдығы мен синтетиканы тұтынушылар қатары көбейіп келетінін аңғартады.<br>Жастар арасында өмірдің бірқатар саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа аспектілерінің өзгеруіне байланысты құқық қорғау органдарымен бірлесіп нашақорлықпен күрес жұмыстарын күшейту міндеті актуалды. Есірткіден зардап шегетін адамдардың 70%-ы жасөспірімдер. Ересектердің 80%-ы есірткіге тәуелділігі 12 мен 17 жас аралығында тіркелген. Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары бұл үрдісті растап отыр. Есірткіні бақылау қызметкерлерінің деректеріне сүйене отырып, біздің еліміздегі жастар арасында есірткіге тәуелділіктің өсу қарқынының нақты көрсеткіштері есірткіге тәуелділіктің өсуінен 5-8 есе жоғары деп айтуға болады.<br>2023 жылы «Жаңа уақыт» қоғамдық қоры Атырау облысындағы қоғам белсенділерімен бірлесіп түнгі рейдтерге қатысу барысында тағы бір алаңдатарлық жайтты анықтады. Былтыр жыл бойы Атырау қаласы аумағында түнгі уақытта ата-ананың бақылауынсыз жүрген 6000 дай бала анықталып, полиция бөлімшесіне жеткізілді. Оларға наркомания және есірткі сату жағдайында қандай жауапкершілік көзделгені түсіндірілді. Беймезгіл уақытта еш бақылаусыз көше кезіп жүретін бала өздері қылмыс жасайды, немесе қылмыскердің құрбанына айналады. Сондықтан, колледж жатақханаларында жастармен кездесу барысында есірткіге тәуелділік, жастардың бос уақытын тиімді өткізу жөнінде еркін сұхбат жүргізіліп, синтетиканың салдары туралы роликтер көлсетіліп психикалық саулық диспансеріне (наркологияға) экскурсия жұмыстарын жалғастыру өзектілігін жоймай отыр. |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | 1500 жас азаматтың тікелей қатысуымен өтетін нашақорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар сериясын 2024 жылдың соңына дейін ұйымдастыру |

| | |
|---|---|
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1. 2023 жылы оқытылған киберволонтерлердің көмегімен Телеграм боттың жұмысын үдету;<br><br>2. Атырау облысының кемінде 50 еріктілері мен жұртшылық өкілдерін тарта отырып, есірткіні насихаттауға және жарнамалауға қарсы іс-шаралар ұйымдастыру;<br><br>3. Нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минут<br><br>тық деректі фильм дайындау;<br><br>4. Синтетикалық есірткі, жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру тақырыбында құқық қорғау органдарымен бірге кемінде 10 профилактикалық кездесу өткізу;<br><br>5. Нашақорлық қылмысының алдын алу  мақсатында ҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелеріне және наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар ұйымдастыру. |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | **1 міндет. Телеграм боттың жұмысын үдету:**<br><br>«Жаңа уақыт» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен былтыр Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ұстазы Атырауға шақыртылып, жергілікті ірі ЖОО - Х.Досмұхамедұлы атындағы АтМУ базасындағы «құқытану» және «ақпараттық технологиялар» бөлімдерінде оқып жатқан 50 студентті есірткі қылмысына қарсы деректерді ғаламтор арқылы анықтау дағдысына үйретті. Аталған студенттердің телеграм бот жұмысына біраз көмегі тиген болатын. Биыл кибереріктілер қатарын жаңа студенттермен толықтырып, полиция қызметкерлерімен бірлесе жұмыс жасауына барлық жағдай жасалады. Жұмыс жүйелі жүруі үшін<br><br>Университет ректоры және денсаулық сақтау басқармасы мен Атырау облыстық полиция департаменті арасында қол қойылған үш жақты меморандум міндеттері пысықталады.<br><br>**2 міндет. Атырау облысының кемінде 50 еріктілері мен жұртшылық өкілдерін тарта отырып, есірткіні насихаттауға және жарнамалауға қарсы іс-шаралар ұйымдастыру;**<br><br>Өткен жылғы жоба барысында«Helpykey» командасының 10 еріктісі және «Жаңа уақыт» қоғамдық қорының басшысы Н.Қайсағалиева Атырау облыстық полиция департаментінің бастығы генерал Н.Оразбаевтың алғыс хатын алды. Бұл есірткімен күресте еріктілер корпусы мен қоғамдық қор мүшелері пәрменді жұмыс атқарғандығын көрсетеді. Биыл да жастар арасында есірткінің таралуына қатысты әлеуметтік эксперименттер, сауалнамалар, |

өткізіп граффити жарнамаларды жою көзделген. Бұдан бөлек, қоғам белсенділері қатарынан есірткімен күресте өз пікірін ашық білдіріп жүрген С.Кукенова («Жаңа уақыт» қоғамдық қоры полициямен бірге өткізген түнгі рейдке қатасып өз парақшасында тікелей эфир жүргізу арқылы көп балалы ата аналарға түсіндірме жасады), блогер Н.Жунасов (инстада жазылушысы ең көп блогер) телеграм бот сілтемесімен бөлісіп, азаматтарды полициямен бірлесіп есірткімен күресуге шақырды. Биыл облыстағы өзге де белсенділерді осы жұмысқа **тегін негізде** шақыру көзделіп отыр.

**3 міндет Нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минуттық деректі фильм дайындау**;

Интернет желісі мықты дамыған заманда халықпен (әсіресе жастармен) бетпе-бет кездесуден бөлек ақпараттық контент дайындап, оны мессенджерлерде тарату тиімді. Сондықтан жоба қаржысы есебінен кәсіби әртістің қатысуымен деректі фильм дайындап оны әлеуметтік желіге жүктеу, таралымын (аккаунтында жазылушылар саны 10 мыңнан асатын пабликтер мен блогерлерге сілтеме салу) қамтамасыз ету, сол арқылы есірткінің қаупі туралы жастарды нотация тәртібімен емес фильм көру жолымен тәрбиелеу көзделіп отыр.

**4 міндет Жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша полициямен бірге кемінде 10 профилактикалық кездесу өткізу;**

Кездесужоспары жасақталып, тікелей қатысуымен 1500 адамды қамту көзделіп отыр. Былтыр мұндай кездесулердегі басты артықшылық - кинолог мамандар апарған тінтуір иттер болды. Залға жиналған балалардың сөмкесіне не жатақханадағы төсек жабдығына тығылған есірткі текстес муляждарды иттер тез тауып беріп, үріп белгі бергені балалардың арасында қызу пікірталас тудырып жүр. Осы үрдісті биыл жалғастырып, кездесу барысында әйелдер колониясында он жылға сотталған (есірткі тұтынып кейін сатқан) Индира есімді ақтөбелік қыздың хикаясын роликпен көрсету арқылы жастарды бұл дерттен аулақ болуға шақырамыз. Жазғы демалыс аяқталатын кезде қатысушылар саны мен жас ерекшеліктері нақты көрсетілген жоспар дайындалып жергілікті атқарушы органдар арқылы оқу орындарының басшыларын алдын ала хабарландыру көзделген.Профилактикалық кездесулерде көрсетілетін бейнебаяндар, әлеуметтік эксперимент тізбесін жасақтау, мобилограф көмегімен түсіріп, монтаждап, дайындау, әлжеліге жүктеу міндеттеледі.

**5 міндет Нашақорлық қылмысының алдын алу мақсатында ҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелеріне және наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар ұйымдастыру**

Былтыр 300 дей студент наркология диспансері менҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелерінде (әйелдер колониясында) экскурсияда болды. Бұл ретте туындаған проблема - кейбір балалар кәмелет жасына толмауына

| | |
|---|---|
| | байланысты колонияға кіргізілмеді. Биыл кәмелет жасына толған балалардың қатарынан жана топтар жинақтап, ата аналарды ескерте отырып ЖОО кураторларымен бірге экскурсияны жалғастыру жоспарланды. Сонымен қатар ҚАЖ усиление кезінде колонияға кіру мүмкін емес, алдын ала хат жазып экскурсиялар жоспары жасақталады.<br><br>Экскурсиялар барысынан бейнероликтер дайындап, кәмелетке толмаған студенттер мен оқушыларға көрсететін боламыз (3 роликтен кем емес) |
| 7.Жобаның жүзеге асырылу аумағы | Атырау облысының аудандары, Атырау қаласы |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | Шілде 2024 жыл |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | Қараша 2024 жыл |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | Атырау облысындағы студенттер мен жоғары сынып оқушылары (14-35 жас аралығындағы) мен жастар арасында нашақорлықпен байланысты тәуекелдер туралы мықты жоба жүргізу |
| 11.Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | Атырау облысы жастарының (*14-35 жас*) нашақорлықпен байланысты тәуекелдер туралы хабардарлығын арттыру (*кемінде 1 500 адамды тікелей қамту*).<br>Кемінде 1500 адамды тікелей қамтитын шарасы мынадай нақты нәтижелерге бағытталған:<br>1) Былтыр ашылған StopSyntheticAtyrauBot телеграм бот жұмысын жалғастыру арқылы жастардың есірткі саудасына мүлдем төзбеушілігін қалыптастыру.<br>2) Есірткімен күреске облыс белсенділерін тартып, ақпараттандырылу ауқымын кеңейту<br>3) Есірткімен күрес тақырыбында дайындалған деректі фильмді аудиториясы үлкен пабликтерде тарату арқылы ондағы негізгі оқырман – жастардың арасында құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізу<br>4) Былтыр өте сәтті жүзеге асқан «Жүз рет естігенше, бір рет барып көр» қағидасы негізінде жастарды түрмеге, наркологияға экскурсияға апарып, науқастар мен сотталғандармен сұхбаттасу. |
| Сандық нәтижелері | 1) https://t.me/StopSyntheticAtyrauBot арқылы кем дегенде 1000 адам тікелей қамтылады<br>2) Наркология мен түрмеге экскурсия негізінде, мектеп, колледждердегі кездесу нәтижесінде тікелей қамтылатын |

| | | |
|---|---|---|
| | адамдар саны 1500<br>3) Деректі фильмге сілтеме блогер Нұрлан Жунасовтың парақшасына және Атырауойл паблигі сторисына орналастырылып, облыс халқын ақпараттандыру жан-жақты жүргізіледі.<br>Жиынтық есеппен: **500 000 адам қамтылады** | |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | - Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін пабликтер мен аккаунттарға мониторинг жүргізу арқылы, халықтың ақпараттандырылу деңгейін 80%-дан асыру;<br>- Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін жалпы атқарылған жұмыстар бойынша комментариилер есебін шығару (700 ден кем емес)<br>- Жоба қорытындысында және одан кейін де полиция органдарымен бірлесіп, жастармен профилактикалық кездесулер өткізіліп, есірткіге қатысты қылмыстардың статистикасы зерделеніп отырады. | |
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтырылады және серіктестердің хаттарымен расталады | Серіктес<br><br>Атырау облысындағы барлық ЖОО<br>«Жанындамын» , «Хелпикей» волонтерлік тобы | Қолдау түрі<br>Ұйымдастыру, шараларды өткізу, әлеуметтік эксперименттерге қатысу |
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | **Қордың жетекшісі БАҚ саласында ұзақ жылғы еңбек өтілі бар журналист- фрилансер.** Қор мамандарымен бірлескен түрде жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақталады. Жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастырылады. Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал блогерлер, тиктокерлер атсалысады; | |

4. Күнтізбелік жоспар

| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|

адамдар саны 1500

3) Деректі фильмге ...

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **2023 жылы оқытылған киберволонтерлердің көмегімен Телеграм боттың жұмысын үдету:** | **№1 іс-шара.**«Жаңа уақыт» қоғамдық қорының бастамасымен былтыр облыстық полиция департаменті-денсаулық сақтау басқармасы-Атырау мемлекеттік университеті арасында қол қойылған **үш жақты меморандум** аясындағы тараптардың міндеттемелерін пысықтап, тараптарды қордың жұмыс жоспарымен таныстыру. | 15 шілде | 1 тамыз | **Киберволонтерлерді тарта отырып, есірткілерді тарататын заңсыз сайттардың жұмысы туралы азаматтардың өтініштерін анықтау бойынша Телеграм бот жұмыс істейтін болады;** |
| | | **№2 іс-шара.**АтМУ студенттері қатарынан белсенділері анықталып, жаңа оқу жылының басында олармен кездесу жиыны өтеді. | 25 тамыз | 15 қыркүйек | Киберволонтерлар корпусын Х.Досмұхамедұлы атындағы АтМУ жаңа кибереріктілерімен толықтырылып, мониторинг жұмыстары күшейтіледі |
| | | **№3 іс-шара.** Есірткі қылмысы фактілері орын алған жағдайда жедел әрекет ету мақсатындаТелеграм боттың операторлары қатарын полиция департаменті есірткі | 15 шілде | 1 тамыз | Қазіргі таңда кадр жетіспеушілігіне байланысты телеграм боттың екінші операторы (**негізгі операторы қор жетекшісі Н.Қайсағалиева**) болып ПД есірткі қылмысымен күрес басқармасы бастығының орынбасары ғана белгіленген. Хабарламалар түскен жағдайда жедел әрекет ету мақсатында тағы да екі жедел уәкілді қосып, бірлескен жұмыс жүргізу жүзеге асырылады<br>Киберволонтерлерді тарта отырып, есірткілерді тарататын |

Сандық нә

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қылмысына қарсы күрес басқармасы жедел уәкілдерімен толықтыру | | | заңсыз сайттардың жұмысы туралы азаматтардың өтініштерін анықтау бойынша Телеграм бот жұмыс істейтін болады; |
| | | **№4 іс-шара.** Жасалған жұмысты қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында айына кем дегенде бір рет жариялап отыру. | 20 шілде | 20 қараша | Қордың жұмысы барлық ресми парақшаларда тұрақты негізде жарияланады |
| 2 | **Атырау облысының кемінде 50 еріктілері мен жұртшылық өкілдерін тарта отырып, есірткіні насихаттауға және жарнамалауға қарсы іс-шаралар ұйымдастыру;** | **№1 іс-шара.** Helpykey еріктілер командасымен кездесу ұйымдастырып, жұмыс жоспары пысықталады | 25 шілде | 25 шілде | **Атырау облысының кемінде 50 еріктілері мен жұртшылық өкілдерін тарта отырып, есірткіні насихаттауға және жарнамалауға қарсы іс-шаралар ұйымдастырылады, оның ішінде «граффитиді» жою жөніндегі шаралар, заңсыз үгітті анықтау және жастар арасында зиянды тәжірибелердің таралуын болдырмау мақсатында кешкі уақытта көшелерге мониторинг жүргізіледі** |
| | | **№2 іс-шара.** Қоғам белсенділері қатарынан есірткі жұмыстарымен күресте өз пікірін ашық білдіріп жүрген азаматтарды полициямен бірлесіп өткізілетін рейдтерге алып шығу (кемінде үш белсенді); | Тамыз | Қазан | Атырау облысының кемінде 50 еріктілері мен жұртшылық өкілдерін (Сандуғаш Кукенова, Мира Есниязова, Гүлнәз Қосмурзиева (кемінде кемінде 3 рет)) тарта отырып, есірткіні насихаттауға және жарнамалауға қарсы іс-шаралар ұйымдастырылады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | **Нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минуттық деректі фильм дайындау;** | **№1 іс-шара.** Фильмнің сценариин дайындап, тапсырыс берушімен келісу; | 1 тамыз | 20 қазан | **Әлеуметтік желілерде кеңінен ротацияланатын нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минуттық деректі фильмнің сценарийін дайындап, түсірілім жұмыстары жүргізіледі** |
| | | **№2 іс-шара.** Деректі фильмге қоғам белсендісі мен кәсіби әртістердің (жергілікті) қатысуын қамтамасыз ету мен келіссөз жүргізу | 10 қыркүйек | 1 қазан | Әлеуметтік желілерде кеңінен ротацияланатын нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минуттық деректі фильм қатысушыларын, түсіру тобын анықтап, дайындалады (*қаралым саны 500 мыңнан кем емес*); |
| | | **№3 іс-шара.**Дайын фильмді «Жаңа уақыт» қорының ресми парақшаларына орналастыру. Фильмнің қаралымын ұлғайту мақсатында сілтемелерді «Атырауойл» паблигінің сторисына және Нұрлан Жунасов (инста 20 мың жазылушы) пен Есболат Балабаевтың (тик ток 20 мың жазылушы) орналастыру | 1 қараша | 25 қараша | Әлеуметтік желілерде кеңінен ротацияланатын нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минуттық деректі фильм түсіріліп қ*аралым саны 500 мыңнан кем емес* көрсеткішке жеткізіледі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| 4 | **Құқық қорғау органдарының өкілдерімен кемінде 10 профилактикалық кездесу өткізу;** | **№1 іс-шара.** Кездесуөткізілетін орындар мен уақыты, қатысушылар саны мен жас ерекшеліктері нақты көрсетілген жоспар дайындау, тапсырыс беруші арқылы оқу орындарының басшыларын алдын ала хабарландыру; | 25 тамыз | 15 қыркүйек | **Өңірдің жоғары сыныптар оқушыларының ата-аналарымен қазіргі заманғы синтетикалық есірткілер, дәріханалық нашақорлық проблемаларын және жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша құқық қорғау органдарының өкілдерімен кемінде 10 профилактикалық кездесу өтеді *емінде 1 000 адамды тікелей қамту*);** |
| | | **№2 іс-шара.** Жастармен еркін әңгіме, пікір алмасу, сұхбат бағытында өтуі үшін кездесулерді жатақханаларда ұйымдастыру (бесеуден кем емес) | 1 қазан | 20 қараша | Өңірдің жоғары сыныптар оқушыларының ата-аналарымен қазіргі заманғы синтетикалық есірткілер, дәріханалық нашақорлық проблемаларын және жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша құқық қорғау органдарының өкілдерімен кемінде 5 жатақханадағы профилактикалық кездесу өткізіледі |
| | | | | | |
| | | **№3 іс-шара.** Профилактикалық кездесулерде көрсетілетін бейнебаяндар, әлеуметтік эксперимент тізбесін жасақтау, мобилограф көмегімен түсіріп, | 15 шілде | 25 тамыз | **Өңірдің жоғары сыныптар оқушыларының ата-аналарымен қазіргі заманғы синтетикалық есірткілер, дәріханалық нашақорлық проблемаларын және жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша құқық қорғау органдарының өкілдерімен кемінде 10 профилактикалық кездесу өткізіледі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | монтаждап, дайындау. | | | |
| 5 | **Нашақорлық қылмысының алдын алу мақсатында ҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелеріне және наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар ұйымдастыру** | 1 шара Жобаға қатысатын барлық ЖОО мен колледжерге хат жолдау арқылы экскурсия барысында балаларға жауапты жетекшілер тізімін бекіту, ата-аналарды хабарландыру; | 25 тамыз | 10 қараша | **5. Өңірдің жоғары сынып оқушыларын және оқу орындарының студенттері үшін (*ата-ана келісімін алу қажет*) нашақорлық қылмысының алдын алу мақсатында ҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелеріне және наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар ұйымдастырылады (*кемінде 500 адамды қамту*).** |
| | | **№2 іс-шара.** Экскурия нысандарына балаларды апаратын көлікпен қамтамасыз ету | 1 қыркүйек | 20 қараша | 5. Өңірдің жоғары сынып оқушыларын және оқу орындарының студенттері үшін (*ата-ана келісімін алу қажет*) нашақорлық қылмысының алдын алу мақсатында ҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелеріне және наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар ұйымдастырылады (*кемінде 500 адамды қамту*). |

**5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы**

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/ түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Өтініш беруші (жеке | Грант қаражаты | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | салым) | | |
| 1 | **Әкімшілік шығындар:** | | | | **2 572 500** | | **2 572 500** | |
| | *Жалақы, соның ішінде:* | | | | **2 100 000** | | **2 100 000** | |
| | Жоба жетекшісі | ай | 5 | 162 000 | 810 000 | | 810 000 | |
| | Жоба SMM маманы | ай | 5 | 95 040 | 475 200 | | 475 200 | |
| | Ұйым есепшісі | ай | 5 | 95 040 | 475 200 | | 475 200 | |
| | Міндетті медициналық сақтандыру | ай | 5 | 4 800 | 24 000 | | 24 000 | |
| | Әлеуметтік салық | ай | 5 | 39 120 | 195 600 | | 195 600 | |
| | Міндетті зейнетақы жарналары | ай | 5 | 24 000 | 120 000 | | 120 000 | |
| | **Кеңсені жалға алу/кеңсе кеңістігі** | **кв.м** | **ай** | | **412 500** | | **412 500** | |
| | Кеңсені жалға алу/кеңсе кеңістігі | 33 | 5 | 2 500 | 412 500 | | 412 500 | |
| | **Басқа да шығыстар, оның ішінде:** | | | | **60 000** | | **60 000** | |
| | Кеңсе тауарлары | Ай | 5 | 15 000 | 60 000 | | 60 000 | |
| 2 | **Материалдық-техникалық қамтамасыз ету:** | | | | **750 000** | | **750 000** | |
| | Ноутбук | Дана | 2 | 275 000 | 550 000 | | 550000 | |
| | түрлі-түсті принтер | дана | 1 | 200 000 | 200 000 | | 2000 00 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | **Тікелей шығындар:** | | | | | | | |
| | **1 іс-шара. Телеграм боттың жұмысын үйлестіру** | | | | **600 000** | | **600 000** | |
| | IT компаниясының қызметін пайдалану | ай | 5 | 100 000 | 500 000 | | 500 000 | |
| | | Қызмет | 1 | 100 000 | 100000 | | 100 000 | |
| | **2 іс-шара. Кибереріктілер мен еріктілерді жоба соңында марапаттау** | | | | **70 000** | | 70 000 | |
| | Алғыс хаттар (рамкасымен) | дана | 70 | 1000 | 70 000 | | 70 000 | |
| | **3 іс-шара. Нашақорлыққа қарсы деректі фильм дайындау** | | | | **1 800 000** | | **1 800 000** | |
| | Театр әртісінің қаламақысы, сценариге қажетті материалдық шығындар (декторациялар мен киімдер) қоса алғанда | адам | 1 | 800 000 | 800 000 | | 800 000 | |
| | Сценарист | Қызмет | 1 | 200000 | 200000 | | 200 000 | |
| | Түсіру тобының гонорары | қызмет | 5 | 100 000 | 500000 | | 500 000 | |
| | Жүргізуші қызметі | қызмет | 3 | 100 000 | 300 000 | | 300 000 | |
| | **4 Жасөспірімдерге ҚАЖ түзету мекмелеріне және наркологиялық диспансерге экскурсиялар ұйымдастыру** | | | | **900 000** | | **900 000** | |
| | Автобус қызметі (қалішілік) | Маршрут | 10 | 60 000 | 600 000 | | 600 000 | |
| | Автобус (Махамбет, Индер, Исатай ауданнан ) | Маршу | 3 | 100 000 | 300 000 | | 300 000 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | т | | | | | | |
| | **5 іс-шара. Жобаның іске асырылуын ақпараттық жария етуді, оның ішінде жоба қорытындылары бойынша мақалалар топтамасын шығару және БАҚ-та сөз сөйлеу арқылы қамтамасыз ету** | | | | **808 000** | | **800 000** | |
| | Дизайнер қызметі | Қызмет | 1 | 58 000 | 58 000 | | 58 000 | |
| | Видеометриалдар түсіру, монтаджау және дайындау (мобилограф) | Қызмет | 5 | 30000 | 150000 | | 150 000 | |
| | **БАҚ та материал жариялау, блогерлердің парақшасына орналастыру ақысын төлеу, пабиктерге жаңалық орналастыру** | **Қызмет** | **1** | **600 000** | **600000** | | **600 000** | |
| | **Жиынында:** | | | | **7 500 000** | | **7 500 000** | |

*Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

**6. Өтінімді растау**

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:
- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;

- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Төраға<br>(ұйым басшысының лауазымы) | (қолы) | Қайсағалиева Назымгүл<br>(қолдың толық жазылуы) | 2024 ж. "11" маусым<br>(толтыру күні) |